

"Алматы қаласына арналған өрт қауіпсіздігі тәртібін" бекіту туралы

Күшін жойған

I сайланған Алматы қалалық Мәслихатының XXVI сессиясының 1999 жылғы 15 шілдедегі шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасымен 1999 жылғы 26 шілдеде N 70 тіркелді. Күші жойылды - IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының II сессиясының 2007 жылғы 10 қыркүйектегі N 12 шешімімен

*Күші жойылды - IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының II сессиясының
2007 жылғы 10 қыркүйектегі
N 12 шешімімен*

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті өкілді және атқарушы өкілдері туралы" Z934100_ Қазақстан Республикасының 40, 41-бабына және "Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" Z980258_ Заңға сәйкес I сайланған Алматы қалалық Мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Алматы қаласына арналған өрт қауіпсіздігі тәртібі" бекітілсін, беріліп отыр.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылау экономикалық реформалар және нарықтық қатынастарды дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты депутаттық комиссияға (Ю.В.Костин) және қала Әкімінің бірінші орынбасарына (Я.И.Заяц) жүктелсін.

I сайланған Алматы қалалық
Мәслихаты XXVI сессиясының»
төрайымы

I сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының хатшысы

Алматы қалалық Мәслихатының
1999 жылғы 15 шілдедегі
XXVI сессиясының шешіміне

ҚОСЫМША

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНА АРНАЛҒАН ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ ТӘРТІБІ

Бекітуге Алматы қаласының Мемлекеттік өртке қарсы қызметі әзірлеп, енгізді (Бас басқарма құқығымен). Қазақстан Республикасының»ТЖ жөніндегі Агенттігінің» МӨҚ Департаментімен келісілген.

1. Негізгі ережелер

1.1. Өрт қауіпсіздігінің»осы тәртібі (ӨҚТ) Қазақстан Республикасының»1996 жылғы 22 қазандағы "Өрт қауіпсіздігі туралы" Z960048_ , 1993 жылғы 10 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті өкілді және атқарушы органдар туралы" Z934100_ заңдарына сәйкес әзірленді, Алматы қаласының аумағындағы өрт қауіпсіздігінің жалпы талаптарын белгілейді және барлық кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың* (меншік нысанына, қызмет түріне және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан) оларды» қызметкерлерінің, сондай-ақ азаматтардың орындауы міндетті болып табылады.өӨҚТ-ны бұзуға кінәлі адамдар қылмыстық, әкімшілік немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңына сәйкес басқа да жауапкершілікті көтереді.

* Ескерту. Бұдан әрі - кәсіпорын.

1.2. Осы тәртіптермен қатар, сондай-ақ стандарттарды, құрылыс нормалары мен тәртіптерін, өрт қауіпсіздігінің нормаларын, технологиялық жобалар нормаларын, өрт қауіпсіздігінің салалық тәртіптерін және өрт қауіпсіздігінің талаптарын реттейтін белгіленген тәртіппен бекітілген басқа да нормативтік құжаттар басшылыққа алынуға тиіс. Алайда, өрт қауіпсіздігінің осы тәртіптерінің негізгі талаптары төмендетілмеуі қажет. ө Өндіріске жаңа озық технологияны, халықаралық стандарттар мен жаңа техниканы енгізген кезде осы тәртіптің»талаптары Алматы қаласының» Сәулет және қала құрылысы департаменті мен Алматы қаласының Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің келісімімен өзгеруі және толықтырылуы мүмкін.

1.3. Әрбір объектіде** адамдардың қауіпсіз болуы мен оларды өрт кезінде көшіру үшін жағдай жасалынуға тиіс.

** Ескерту. Объекті - аумақ, кәсіпорын, ғимарат, құрылыс, тұрақ жай, ішкі қондырғы, қойма, көлік құралы, ашық алаң, технологиялық процесс, жабдық, б ұ й ы м .

1.4. Өрт қауіпсіздігі тәртібін бұзғандығы және орындамағандығы үшін қолданыстағы заңға сәйкес меншік нысанына қарамастан кәсіпорынның,

ұйымның, мекеменің бірінші басшылары жеке жауапкершілік көтереді.

1.5. Жеке меншік объектілеріндегі өрт қауіпсіздігі тәртібін бұзғандығы және орындамағандығы үшін олардың иелері, ғимараттарды, тұрақжайларды, аумақты, тұрғын үйді және т.б. жалдау кезінде өрт қауіпсіздігі тәртібін бұзғандығы және орындамағандығы үшін, егер осындай жауапкершілік жалдау туралы шартта немесе басқа құжаттарда көрсетілмесе, олардың иелері жауапкершілік көтереді.

2. Объектілер аумақтарын күтіп-ұстау

2.1. Алматы қаласының және кәсіпорындарының аумақтарында жанатын қалдықтардың, қоқыстардың және т.б. үйінділерін жасауға жол берілмейді. Барлық қалдықтар арнайы бөлінген алаңдардағы контейнерлерге немесе жәшіктерге жиналуы және толған бойда әкетілуі қажет.

2.2. Алматы қаласы кәсіпорындарының аумағы ғимараттар, құрылыстар және ашық қоймалар арасындағы өрт шұңқырларының шегінде, сондай-ақ тұрғын үйлерге, саяжайлар мен басқа құрылыстарға жапсарлас телімдер, жанғыш қалдықтардан, қоқыстан, түскен жапырақтан, құрғақ шөптен және т.б. өз уақытында тазалануға тиіс.

2.3. Ғимараттар мен құрылыстардың арасындағы өрт қауіпсіздігі белгілерін, ағаш қатарларын, басқа да материалдарды, қондырғылар мен ыдыстарды, әртүрлі материалдарды жинау, көлік қою мен ғимараттың және тұрақ жайдың құрылысты (орнату) үшін пайдалануға жол берілмейді.

2.4. Өрт сөндіру үшін пайдаланатын ғимараттарға, құрылыстарға, ашық қоймалар мен су көздеріне апаратын жолдар, стационарлық өрт сатылары мен өрт жабдықтарының кіре-берістері әрдайым бос болуға, ақаусыз жағдайда ұсталуға, ал қыста қар мен мұздан тазалануға тиіс.

Жолдар мен өткелдерді жөндеу үшін немесе өрт машиналарының өтуіне кедергі келтіретін басқа себептер бойынша жабу туралы осыны орындайтын ұйым бұл жөнінде Алматы қаласының Мемлекеттік өртке қарсы қызметіне бірден хабарлауға тиіс.

Тиісті орындарда жол жабылған кезеңде айналма бағыттарының көрсеткіштері орнатуға немесе жөнделетін учаскелер мен су көздері арқылы өтпе жол орнатылуға тиіс.

2.5. Уақытша құрылыстар, сауда нүктелері, дүңгіршектер басқа № ғимараттар мен құрылыстарда кемінде 15 метр қашықтықта (басқа нормалар бойынша үлкен өртке қарсы шұңқыр қажет жағдайды қоспағанда) немесе өртке қарсы қабырғаларда орналасуға тиіс.

Жеке блок-контейнерлік ғимараттарды 10 топтан аспайтын шоғырда және 800 ш.м. аспайтын алаңда орналастыруға рұқсат етіледі. Осы ғимараттар

топтарының арасындағы және олардан басқа құрылыстарға, сауда дүңгіршектеріне және т.б. дейінгі қашықтық кемінде 15 м болуы қажет.

2.6. Тұрғын үй, саяжай және бағбан телімдері, қоғамдық және азаматтық ғимараттар аумақтарындағы алаңдар мен аулаларда ЖТС (жылдам тұтанатын сұйық) пен ТС (тұтанғыш сұйық) ыдыстарын, сондай-ақ осы сұйықтардың» жылжымалы ыдысын қысылған және сұйытылған газ баллондарын қалдыруға р ұ қ с а т е т і л м е й д і .

2.7. Күрделі құрылысы бар және олары жоқ жазғы алаңдар тұрғын үй мен қоғамдық ғимараттардан 9 м қашықтықта орналасуға тиіс. Осы ғимараттарға дейінгі қашықтық егер ғимарат қабырғасы жазғы алаң жақта болып, терезелері және басқа ойықтары жоқ болса қысқартылуы мүмкін.

2.8. Ашық от пайдаланатын мангалдар, пештер және басқа аппараттар № ғимараттан, тұрақ жайдан және уақытша сауда нүктесінен кемінде 5 м қашықтықта орнатылады. Күл, шлаг және басқа қоқыстар осы тәртіптің 8.5.- тар мағына с ә й к е с ж и н а л а д ы .

2.9. Алматы қаласының, кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің, сондай-ақ жеке тұрғын үйлердің, саяжайлардың жапсарлас орман аумақтарында алау, қалдық, қоқыс жағуға тыйым салынады.

3. ±Ғимараттар мен құрылыстарды күтіп-ұстау

3.1. Барлық объектілер ақаусыз бастапқы өрт сөндіру құралдарымен (БӨҚ Қосымшасына сәйкес), өртке қарсы қызметті шақыруға арналған байланыс құралымен және қолданыстағы нормаларға сәйкес өртке қарсы автоматикамен қ а м с ы з д а н д ы р ы л у ғ а т и і с .

3.2. Ғимараттарды қайта жоспарлау, олардың қызметтік мақсатын өзгерту немесе жаңа технологиялық қондырғыны орнату кезінде қолданыстағы құрылыс және технологиялық жобалар нормаларының өртке қарсы талаптары сақталуға т и і с .

3.3. Барлық жарылу-өрт қаупі бар объектілер, театр, ойын-сауық кәсіпорындары мен адамдар көп келетін ғимараттар мемлекеттік өртке қарсы қызметтің таяу маңдағы құрылымымен немесе Алматы қаласының орталық өрт байланысы нүктесімен тікелей радиомен немесе телефон байланысымен қамтамасыз етілуі тиіс. Осы объектілердің өрттен қорғау қондырғыларының іске қосылғандығы туралы дабыл Алматы қаласының өрт байланысының Орталық нүктесіне (ӨБОН) пультіне енгізілуі тиіс.

3.4. Бір көшіру шыға берісі бар ғимараттарға өткізілетін шараларға 50-ден артық адамның қатысуына рұқсат етілмейді.

Өртке беріктігі IV және V дәрежедегі ғимараттарға адамдардың көптеп

келуіне (50-ден артық) тек ғимараттың бірінші қабатында ғана рұқсат етіледі.

3.5. Шатыр, техникалық қабаттар және жер төле терезелері шынылануға, ал есіктері жабық күйде болуға тиіс, есіктерде кілт сақталынатын орын көрсетілуі қ а ж е т .

Ғимараттардың жер төле және цокольдық қабаттарының жарық ойықтарының төңірегі ұдайы тұтанғыш қоқыстан тазалануға тиіс, көрсетілген төңірек пен терезені тұтас төсенішпен жабуға рұқсат етілмейді.

3.6. Әрбір ғимаратта бүкіл электр шаруашылығының пайдаланудың жалпы жағдайына жауапты маманын тағайындауға тиіс.

3.7. Электр плиткаларын, электр шәйнектерін және басқа электр қыздырғыш приборларын пайдаланудан төмендегі талаптар орындалуға тиіс:

- электр қыздырғыш приборлар шыға беріске қарсы жақтағы, берік тұғырда қызбайтын орынға орнатуға тиіс;

- электр қыздырғыштарын орнататын жер құрылыс құрылғыларынан, жиһаздан және басқа тұтанғыш материалдардан кемінде 1 м алшақ болуға тиіс;

- электр қыздырғыштар приборлар зауыт өндірісінікі болуға тиіс.

Ашық қыстырғыш элементтерін осы приборларда қолдануға рұқсат етілмейді .

3.8. 50-ден артық адам сыятын Мәслихат, асхана залдарында және оған теңестірілген ғимараттарда кемінде 2 шыға-беріс болуға тиіс.

3.9. Архив, ғимараттарында, кітапханаларда, машинамен басу, көбейту бюроларында, шеберханаларда және басқа қосалқы ғимараттарда қабырғаны және төбені тұтанғыш материалдармен әрлеуге рұқсат етілмейді.

3.10. Жұмысшылар мен қызметкерлерді көшіру үшін өрт пайда болған жағдайда адамдарды көшіру жоспарлары әзірленуге тиіс.

4. Тұрғын үй пайдалану ұйымдары мен ПИК-терге талаптар

4.1. Тұрғын-үйді пайдалану ұйымдарының, ПИК-тердің, мейманханалардың» басшылары мен ғимараттардың және әкімшіліктік мекемелердің пайдаланылуына жауап беретін қызметтердің басшылары мен жатақханалардың меңгерушілері (коменданттары)

м і н д е т т і :

4.1.1. өрт қауіпсіздігіне және осы тәртіп талаптарына жауап беретін адамдарды тағайындауға ;

4.1.2. қызмет, қойма және қосалқы ғимараттарда қатаң өртке қарсы режимді белгілеуге (жұмыс аяқталғаннан кейін ғимараттарды тексеру және жабу тәртібін белгілеуге, электр қыздырғыш приборларын пайдалануға, темекі тартуға арналған орынды жабдықтауға, отқа қатысты жұмыстарды жүргізуге және т.б.)

және оның қатаң сақталуын ұдайы бақылауға;

4.1.3. ғимараттар мен тұрақ-жайлардың өрт қауіпсіздігі жағдайын жүйелі тексеруге;

4.1.4. уақытша құрылыстарды және автотұрақтарды рұқсатсыз орнатуға жол бермеуге;

4.1.5. өтетін жердің, өтетін жердің өрт каналдарының су көздерін және ведомстволық аумақтағы олардың көрсеткіштерінің күтілуін қадағалауға;

4.1.6. пәтер жалдаушылардың және жатақханада тұратын адамдардың жауапты өкілін өртке қарсы тәжірибеден өткізуге;

4.1.7. көшіру жолдарының, ішкі көшіру сатысының лоджия мен балкондардағы өтетін люктердің өрттен қорғау жүйесінің, құрғақ құбыр мен найзағайдан қорғайтын қондырғының жай-күйін қадағалауға.

4.2. Тұрғын ғимараттарын жалдаушылары мен үй иелері м і н д е т т і :

4.2.1. сатыларға, холлдарға, жалпы пайдаланатын дәліздер мен өрт сөндіру құралдарына баратын жолға кедергі келтірмеуге;

4.2.2. электр өткізгіштерін, электр қыздырғыш приборларын, жылыту приборларын ақаусыз күйде ұстауға және оларды пайдаланған уақытта сақтық шараларын сақтауға, балаларды отпен ойнатпауға;

4.2.3. газ приборларын, тұрмыстық химия заттарын пайдалану және лактар мен бояуларды қолдана отырып, ішкі пәтерлердің әрлеу жұмыстарын жүргізуде сақтық шараларын қолдануға.

5. Көшіру жолдарына талаптар

5.1. Көшіру жолдарының саны, олардың көлемі, жарық беру мен түтінбеуін қамтамасыз ету шарттарын, сондай-ақ көшіру жолдарының созымдылығы құрылыс жобасының өртке қарсы нормаларына сай болуы тиіс.

5.2. Көшіру жолдарының барлық есіктері ғимараттан шығатын жаққа қарай еркін ашылуға тиіс. Адамдар ғимаратқа келген кезде есіктер тек ішкі жылдам жабылатын ілгешекке қойылуы мүмкін.

5.3. Тығым салынады:

- өтетін жолды, дәлізді, тамбурды, галереяны, лифті алаңын, саты алаңын, сатылар мен люктердің төңірегін жиһазбен, қондырғымен және әртүрлі дайын өнімдермен толтыруға, сондай-ақ шығатын жердің есігін шегелеуге;

- шығатын жерге әртүрлі құрылғыдағы киім кептіргіштерді, киім ілгіштер мен киім бояйтын жерлерді орнатуға (пәтерлер мен жеке тұрғын үйлерді қоспағанда), кез-келген жабдық пен материалды сақтауға (оның ішінде уақытша);

- көшу жолдарында табалдырықтар, турникеттер, қозғалатын және айналатын есіктер мен адамдардың еркін жүруіне кедергі келтіретін басқа да қондырғыларды қоюға;

- көшетін жолда (отқа төзімділігі 5-ші деңгейдегі ғимараттан басқасы) кабырғалар мен төбелерді, саты торларын, сондай-ақ баспалдақтар мен алаңдарды әрлеу, жылтырату, бояу үшін жанғыш материалдарды қолдануға;

- жарық бөлмесінде, дәліздерде, кабинеттер мен басқа бөлмелерді салуға;

- баспалдақ клеткаларындағы, дәліздердегі, полдар мен тамбурлардағы өзі жабылатын есіктерді ашық күйінде қалдыруға (егер бұл мақсат үшін өрт кезінде іске қосылатын автоматты қондырғы пайдаланылмаса), сондай-ақ оларды алуға;

- түтінбейтін баспалдақ торларындағы ауа аймағын шынылауға немесе қаңылтырмен жабуға;

- кәдімгі есіктердегі қуысты шынымен айырбастауға;

- жанғыш-тұтанғыш материалдардан жасалынған кілем мен кілем төсеніштерін қолдануға.

6. Автомобиль көлігін сақтайтын орындарға талап

6.1. 25-тен 100-ге дейін көлік құралын қоятын тұрақ-жаймен ашық тұрақ үшін екінші көшіру есігі, 100-ден астам автомобильді сақтайтындарға екі есік пен қосымша толық немесе толық емес 100 автомобильді қоюға арналған бір есік қарастырылуға, көлік құралдарын қою тәртібі әзірленуге, өрт жағдайында көшіру кезеңі мен тәртібі жазылуға тиіс.

6.2. Көлікті ашық сақтауға арналған ғимараттар мен алаңдар 10 бірлік техникаға арналған сүйреу тростарының және штангамен жабдықталуға тиіс.

6.3. Жамылғысы бар және ашық алаңдарда көлікті қоюға тыйым салынады:

- саны артық көлік құралын қоюға, оларды қою жоспарын, автомобильдер арасындағы қашықтықты, кіретін және шығатын есікке кедергі келтіруге;

- ұсталу, термиялық, дәнекерлік, бояу және ағаш өңдеу жұмыстарын жүргізуге, ЖТС пен ЖС-ны пайдалана отыра бөлшектерді шаюға, көлік құралдарын, отын ыдыстарының қақпағын ашық күйде ұстауға, сондай-ақ ажыратылмаған аккумулятор батареяларынан жанармай мен майдың ағуын болдырмауға;

- көлік құралдарына жанармай құюға және оны төгуге;

- жанармай ыдысын, сондай-ақ жанармай мен майды сақтауға (жеке көлік тұрағын қоспағанда) аккумуляторларды тікелей көлік құралдарында қуаттандыруға;

- қозғалтқыштарды ашық отпен қыздыруға (отпен, ауамен, дәнекерлеу шамымен), жарық үшін ашық от көздерін пайдалануға;

- көліктің жалпы тұрақтарында ЖТС пен ЖС, сондай-ақ ЖГ тасымалдауға арналған құралдарды орнатуға.

6.4. 6.3-тармақ талаптарына қосымша жеке меншік тұрақтарында мыналарға ж о л б е р і л м е й д і :

- жиһазды, жанатын материалдан істелінген үй-жарақтарын сақтауға;
- 20 л отын мен 5 л май қорынан артық мөлшерде сақтауға;
- қолдан істелген электр қыздырғыш приборларын қолдануға.

7. Электр қондырғыларының өрт қауіпсіздігіне тараптар

7.1. Электр қондырғыларын орнату Тәртібіне (ЭОТ), тұтынушылардың» электр қондырғыларын техникалық пайдалану тәртібіне (ТТБ), тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі техникалық қауіпсіздік тәртіптеріне (ТҚТ) және басқа нормативтік құжаттарға сәйкес жөнделуге және пайдалануға т и і с .

7.2. Электр қозғалтқыштары, басқару аппараттары, жіберуді реттеуші, бақылау-өлшеу және қорғаныс аппаратурасы, қосымша қондырғылар мен өткізгіштерде ТТБ бойынша аймақ сыныбына сәйкес орындалуға және қорғаныс дәрежесі, сондай-ақ токтың қысқаша тұйықталуы мен артық жүктемесінен қорғайтын аппараты болуға тиіс.

7.3. Барлық ток жіберуші бөліктер, тарату қондырғылары, аппараттар мен өлшеу приборлары, сондай-ақ бөліну үлгісіндегі сақтандыру қондырғылары рубильник және басқа жіберу аппараттары мен икемделгіштер тек жанбайтын тұғырларда ғана жөнделуге тиіс (мрамор, текстолит, гетинакс).

7.4. Электр қондырғыларын пайдалану кезінде тыйым салынады:

- дайындаушы-кәсіпорын ұсыныстарына (нұсқаулықтарына) сай емес жағдайда немесе ақауы бар өртке алып келуге мүмкін электр аппараттары мен приборларды пайдалануға, сондай-ақ зақымдалған немесе оқшаулаудың қорғаныс ерекшелігін жоғалтқан өткізгіш пен кабельді пайдалануға;
- зақымдалған розетканы, рубильникті басқа электр бұйымдарын пайдалануға ;
- электр шамдары мен шырағандары да қағазбен, матамен және басқа жанатын материалдармен орауға ;
- жанбайтын материалдан істелінген тұғырсыз электр үтіктерін, электр плиткаларын, электр шәйнектерін және басқа да электр қыздырғыш приборларын п а й д а л а н у ғ а ;
- желіге қосылған электр қыздырғыш приборларын, телевизор, радиоқабылдағыштар және т.б. қараусыз қалдыруға;
- стандарт емес (қолдан істелінген) электр қыздырғыш приборларын

қолдануға, кабельденбеген ерігіш тұғырды немесе жобаға сай емес артық жүктеме мен қысқаша тұйықталудан қорғайтын басқа қолдан істелінген а п п а р а т т ы п а й д а л а н у ғ а ;

- қойма ғимараттары, сондай-ақ өрт қаупі бар және жарылыс қаупі бар аймақ арқылы транзиттік электр өткізгіштері мен кабельдік желілерді өткізуге;

- барлық жарылу өрті шығу қаупі бар ғимараттарда электр қыздырғыш приборларын п а й д а л а н у ғ а ;

- қызатын шаңдары бар электр шырағдандарын қорғаныс қалқанысыз п а й д а л а н у ғ а .

7.5. Термореттегіштермен жабдықталмаған электр пештері мен қолдан істелінген пешті пайдалануға рұқсат етілмейді.

8. Жылыту, желдету жүйелеріне және басқа инженерлік қондырғыларының өрт қауіпсіздігіне талаптар.

8.1. Жылыту маусымы басталардың алдында пештер, қазандықтар, жылу генераторлары мен калорифельдік қондырғылар, басқа жылыту приборлары мен басқа жылыту жүйелері тексерілуге және жөнделуге тиіс. Ақаулы пештер мен басқа жылыту приборлары пайдалануға жіберілмейді.

8.2. Пештер мен басқа жылыту приборларының нормаларда берілген жанғыш құрылғылардан қорғайтын өртке қарсы бөліктері, сондай-ақ көлемі кемінде 0,5 x 0,7 м күймеген және зақымдалмаған тапталған металл қаңылтыры болуға тиіс (ағашқа немесе жанғыш материалдан істелінген басқа еденге).

Газ тәріздес және сұйық отынмен жанатын шағын литражды жылыту қазандықтарын орнату мемлекеттік өртке қарсы қызметтің келісімі бойынша жүргізілуге және ҚР СН В.2.5. 14 - талаптарына жауап беруге тиіс.

8.3. Мұржалар мен пештерді жағардың алдында, ал сондай-ақ бүкіл

жылу маусымы бойында мына көлемде тазалау қажет:

- жылыту пештері үшін 3 айда бір рет;
- үздіксіз жұмыс істейтін пештер мен ошақтар үшін 2 айда бір рет;
- ас үй плиталары мен үздіксіз (ұзақ мерзімге) жанатын басқа

пештер үшін айына бір рет.

8.4. Пешті жаққан кезде тыйым салынады:

- жанып жатқан пешті қараусыз қалдыруға, сондай-ақ оны бақылауды жас балаларға тапсыруға;

- отынды, басқа жанғыш заттар мен жанғыш материалдарды пеш алдында қалдыруға;

- пешті тұтандыру үшін бензинді, керосинді, дизель отыны мен басқа ЖТС пен ЖС-ны қолдануға;

- отынның осы түрлеріне арналмаған пештерді көмірмен, кокспен

және газбен жабуға;

- ғимаратта жиналыстар, басқа бұқаралық шаралар өтіп жатқан кезде пеш жағуға;

- желдету және газ каналдарын түтін айдау ретінде пайдалануға;

- пешті бұзуға.

8.5. Жанудан қалған күл мен шлакқа су себіліп, сол үшін арнайы белгіленген жерге апаруға тиіс.

8.6. Түтін желілер өтетін шатырдағы барлық түтін мұржалары мен қабырғалары әктелуге тиіс.

8.7. Қатты отынмен жұмыс істейтін қазандық қондырғыларының түтін мұржалары қатты отынмен жұмыс істейтін қазандық қондырғыларының түтін мұржалары от өшіргішпен жабдықталуға және 8.3.-тармаққа сәйкес күйіктен т а з а л а н у ғ а т и і с .

Сауда мекемелерінің жапсырма ғимараттарына қазандықтары қатты отыннан сұйық отынға көшірілуге жол бермейді.

8.8. Өрт кезінде от ұстағыш қондырғылар (кедергілер, шиберлер, клапандар және басқалар) желдеткішті ажыратудың автоматты қондырғысы бар желдету жүйесін құрсаулау қондырғысы белгіленген мерзімде тексерілуге және ақаусыз к ү й д е ұ с т а л у ғ а т и і с .

8.9. Желдету және ауаны суыту жүйесін пайдалану кезінде тыйым салынады:

- желдету камераларының есігін ашық қалдыруға;

- сору каналдарын саңылау мен торларды жабуға;

- ауа айдағышқа газбен жылыту приборларын қосуға;

- ауа айдаушыда жинақталған май түйінін, шаң мен басқа тұтанғыш заттарды ж а ғ у ғ а .

8.10. Желдету камералары, циклондар, сүзгіштер, ауа айдағыштар тұтанғыш шаңмен өндіріс қалдықтарынан кәсіпорын бұйрығымен белгіленген мерзімде т а з а л а н у ғ а т и і с .

Жарылыс және өрт қаупі бар ғимараттардағы кәсіпорын басшылары жылыту жүйесін тазалау тәртібін қауіпсіз әдіспен әзірлеуге тиіс.

8.11. Вентиляторға ыстық шаңның, талшықтың»және басқа қатты қоспасы бар қалдықтардың»түсуін болдырмау үшін оның алдынан тас ұстағышты, ал металл заттарын алу үшін магниттік ұстағыштарды қойған жөн.

8.12. Пневматикалық көліктің құбыр өткізгіші ауа айдағыштарда үнемі қарап отыруға, жүйені тазалауға және өрт пайда болған жағдайда оны сөндіруге арналған терезе қарастырылуға тиіс.

Қарайтын терезе бір-бірінен кемінде 10 м қашықтықта, сондай-ақ үштіктерде,

бұрылыстарда қабырға төбе арқылы құбыр өткізгіштер өтетін жерде орналасуға
т и і с .

8.13. Жобада қарастырмаған газ приборларды, аппараттарды, баллондарды орнату Техникалық қадағалаумен және Алматы қаласының мемлекеттік өртке қарсы қызметінің келісімімен орнатылады.

9. Құрылыс-монтаж, қалпына келтіру және от жұмыстарына талаптар

9.1. Құрылыс-монтаж, жөндеу, қалпына келтіру жұмыстарын, сондай-ақ газ-электр дәнекерлеу және кез-келген басқа от жұмыстарын жүргізу кезінде өрт қауіпсіздігі тәртібін бұзғандығы және орындамағандығы жөніндегі жауапкершілік осы жұмыс түрлерін жүргізген ұйым, мекеме, кооператив, серіктестік басшылары мен жеке кәсіпкерлерге жүктеледі.

9.2. Құрылыс-монтаж, қалпына келтіру және от жұмыстары "құрылыс-монтаж және от жұмыстарын жүргізу кезіндегі өрт қауіпсіздігі тәртібіне" сәйкес жүргізіледі.

9.3. Алматы қаласының аумағында барлық құрылыс жұмыстары заңды және жеке тұлғаларға Алматы қаласының Әкімі, Сәулет және қала құрылыс департаменті мен Алматы қаласының мемлекеттік өртке қарсы қызметі берген рұқсат құжаттарын алған жағдайда белгіленген тәртіппен Алматы қаласы Әкімінің техникалық инспекциясы ордері бойынша жүргізіледі.

10. Автоматты өрттен қорғау қондырғысын (АӨҚ) күтіп-ұстау тәртібі.

10.1. Жалпы талаптар.

10.1.1. АӨҚ-ны орнату техникалық шешімдерге және жоба талабына сай болуға тиіс. Қорғалатын ғимараттың орнату және қайта жасақтау құрылысына белгілі бір өзгеріс пен басқа да қайта орналастыруды жүргізу жобалау ұйымының келісімімен жүргізіледі. Бұл туралы мемлекеттік қарсы қызмет органына (МӨҚ) хабарланады.

10.1.2. АӨҚ қондырғыларында сертификаты жоқ (аппаратураларында) және жабдықтарында (өрт қауіпсіздігі) қолдануға рұқсат етілмейді.

10.1.3. Объектіде қондырғыны сапалы пайдалану үшін әкімшіліктің бұйрығымен немесе өкімімен төмендегі қызметкерлер тағайындалуға тиіс:

- а) қондырғыны пайдалануға жауапты адам;
- б) техникалық қызмет көрсету мен қондырғыны жөндеу үшін оқудан өткен және арнайы рұқсаты бар қызмет көрсетуші қызметкерлер;
- в) қондырғының қалыпты жағдайдағы жұмыс істеуіне тәулік бойы бақылау

жасайтын оперативтік (кезекші) қызметкерлер.

10.1.4. Өрт автоматикасының қондырғылары ақаусыз жағдайда және тұрақты дайындықта болуға тиіс. Қондырғыны автоматты басқарудан қолмен басқаруға көшіруді нормалар мен тәртіптерде көрсетілген жағдайларды қоспағанда рұқсат е т і л м е й д і .

10.2. Автоматты өрт дабылдағышының қондырғылары.

10.2.1. Автоматты өрт дабылдағышының (АӨД) және өрт күзеті дабылдағышы (ӨКД) аппаратурасы объектілерде бөгде адамдар бара алмайтын жерге орнатуға және сүргіштелуге тиіс.

10.2.2. ӨКД қондырғыларында өрт дабылдағыштары шлейфтерін ажыратуға б о л м а й д ы .

10.2.3. Өртті хабарлағыштар ұдайы таза күйінде болуға тиіс. Қорғалатын ғимараттарда жөндеу жұмыстары жүргізілген кезде хабарлағыштар оған қоқыстың, тастың, бояудың, әктің түсуінен қорғалуға тиіс. Жөндеу аяқталғаннан кейін қорғау бейімделгіштері алынуға тиіс.

10.2.4. Хабарлағыштарға еркін баратындай жағдай жасалуы керек. Қаланған материалдар мен қондырғылардан хабарлағыштарға дейінгі қашықтық кемінде 0 , 6 м болуға тиіс .

10.2.5. Тыйым салынады :

- 3-тен артық шағын сыйымдылықтағы біртекті қабылдау-бақылау приборларын қолдануға (2 шлейф);

- ақауы бар хабарлағыштың орнына басқа үлгідегі немесе принциптегі хабарлағышты орнатуға, сондай-ақ хабарлағышты орнататын жерде ол жоқ жағдайда құрсаулау шлейфін тұйықтауға.

10.3. Автоматты өрт сөндіру қондырғылары.

10.3.1. Сепкіштер үнемі таза болуға тиіс, қорғалатын ғимараттарда жөндеу жұмыстары жүргізілген уақытта сепкіштер сылақ, бояу, әк түсуден қорғалуға тиіс, жөндеу аяқталғаннан кейін қорғаныс икемделгіштері алынуы қажет.

10.3.2. Өрт сөндіру станциясы орналасқан ғимарат (автоматты су жұтқыш, газ өртін сөндіру станциясы) оқшауланып құлыпқа жабылуға тиіс, № ғимараттың кілті қызмет көрсетушіге және оперативті (кезекшіде) қызметкерде болуы керек.

10.3.3. Сепкіштердің қоры (объектіге қолданылатын әрбір түрі) қондырғының тарату құбыр өткізгіштерінің жөнделген нысанының кемінде 10 проценті болуы қ а ж е т .

10.3.4. Насос станциясы ғимаратының кіре берісінде (газ өртін сөндіру станциясы) үнемі "Өрт сөндіру станциясы" жарық таблосы тұруға тиіс.

10.3.5. Көлікпен өрт сөндіру автоматты қондырғысымен жабдықталған объектіде көбік жасаушының артық қоры болуға тиіс.

10.3.6. Сақтаудың кепілдік мерзімінің аяқталуы бойынша және келесі 6 айдан кейін көбік жасаушы немесе көбікпен өрт сөндіру қондырғысында пайдаланатын оның су ерітіндісі тексеруге жатады. Тексерілген өлшемдердің ГОСТ, ТУ талаптарына сәйкес болмаған жағдайда көбік жасаушы заттар айырбастауға ж а т а д ы .

10.3.7. Газбен өрт сөндіру автоматты қондырғысымен жабдықталған объектіде газбен өрт сөндіру құрамының»(ГӨҚ) қоры сақталуға тиіс.

10.3.8. Газбен өрт сөндіру қоры қондырғысымен қорғалатын ғимаратқа аппаратын есік жапқышпен немесе нығыз қымталуды қамтамасыз ететін басқа қондырғылармен жабдықталуға тиіс.

10.3.9. Қорғалатын ғимаратта жұмыс істейтін адамдар үшін олардың» қондырғының іске қосылғандығы туралы дабылды алған кездегі іс-әрекетімен көшу тәртібі туралы нұсқаулық әзірленіп, ілінуге тиіс.

10.3.10. Аэрозольмен өрт сөндіру автоматты қондырғысы өрт қауіпсіздігі саласындағы қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сай болуға тиіс. Аэрозольмен өрт сөндіру генераторларын жеке өздігінен іске қосылатын өрт сөндіруші ретінде пайдалануға рұқсат етілмейді.

10.3.11. Тыйым салынады:

- түсіп қалған немесе ақауы бар сепкіш тығындарын орнатуға;
- материалдарды сепкіштерден 1 м кем қашықтыққа жинауға;
- қондырғы құбыр өткізгіштерін ілгіш немесе қондырғының басқа түрін нығайту үшін пайдалануға;
- өндірістік қондырғы мен санитарлық приборларды қондырғының» қуаттандырғыш және бөлгіш құбыр өткізгішіне қосуға;
- қуаттандырғыш және бөлгіш құбыр өткізгіштерінде тығын арматурасын о р н а т у ғ а ;
- спринклерлік желіде орнатылған ішкі өрт крандарын өрт сөндіруден басқа мақсатқа п а й д а л а н у ғ а .

10.4. Өртке қарсы сумен жабдықтау.

10.4.1. Насос станциясы ғимаратының кіре берісінде үнемі "Өрт сөндіру станциясы" жарық таблосы тұруға тиіс.

10.4.2. Тұрғын үйлер мен объектілерге қызмет көрсететін ОӨС № ғимаратында өрт насостарының саны кемінде екеу болуға тиіс (біреуі - жұмысшы, біреуі - резервтік).

10.4.3. Электр қуаттандырғыштың бар-жоғы және ОӨС-та орналасқан насостардың қосылғандығы туралы дабылдар (жарық, дыбыс) бірлескен диспетчерлік қызметке (БДС) немесе объектінің кезекшілік қызметіне берілуге т и і с .

10.4.4. Су өлшеу қондырғыларының айналма желісінде орнатылған электр

приводы бар қозғалтқыштар тоқсанына бір рет жұмыс істеу қабілеттігі бойынша тексерілуге, ал өрт насостары ай сайын тексерілуі тиіс. Тексеріс нәтижесі құжатпен ресімделуге тиіс.

10.5. Түтіннен қорғану жүйесі.

10.5.1. Қарауында түтін айдағыш және өртке қарсы автоматика (ТА ӨҚА) жүйесі бар ғимарат жататын кәсіпорын, тұрғын үй пайдалану ұйымдары, ПИК басшылары ТО бойынша жүргізілген жұмыспен өртке қарсы жүйені»жөнделу сапасын, оның ішінде арнайы ұйымдармен шарттық негізде орындалатын жұмыс сапасына тиімді бақылауды қамтамасыз етуі тиіс.

10.5.2. Электр қуаттандырғыштың бар-жоғы және түтін айдағыш жүйесі вентиляторлары мен биік қабатты тұрғын үйлерде орналасқан ауа тығынының қосылғандығы туралы дабылдар (жарық, дыбыс) бірлескен диспетчерлік қызметте (БДҚ) немесе ғимараттары объектінің кезекші қызметіне берілуге тиіс.

10.5.3. Түтін айдағыш клапандары қымталуды қамтамасыз етуі тиіс.

10.5.4. Тыйым салынады:

- өрт кезінде лифтінің құрсалуы жүйесін ажыратуға (лифт кабинасын қону қабатына түсіру);

- тұрғын үйлерде қабаттағы дәліздерді қайта жоспарлауға (бөлуге);

- түтін айдау жүйесінің қабаттағы клапандарын ашуға (ажыратуға, бөлшектеуге);

- түтін айдау жүйесімен ауа нығыздағыштың автоматты және аралық қосылуын ажыратуға.

10.5.5. Жоғары қабаттағы тұрғын үйлерде, мейманханаларда, жатақханаларда, қоғамдық мақсаттағы ғимараттар мен басқа тұрақ- жайларда лифтінің "Өрт қауіпсіздігі" режимінен және "өрт құрамаларын тасымалдау" режимінен ажыратуға тыйым салынады.

10.6. Адамдарға өрт туралы және көшіруді басқару туралы хабарлау.

10.6.1. Өрт және өшіруді басқару туралы хабарлау жүйесінің жұмыс қабілетін тексеру көшіру нұсқаулықтары мен жоспарларын іс жүзінде пысықтай отыра жүргізілуге тиіс:

- ғимараттар мен тұрақ-жайларда (тұрғын үйлерден басқа) - кемінде жарты жылда бір рет;

- адамдар көп келетін объектілерде (50-ден астам адам) - тоқсанынан кемінде бір рет;

- мектептер мен балалардың мектепке дейінгі мекемелерінде айына кемінде бір рет.

11. От шашуларды ұйымдастыру мен орнату

11.1. Қоғамдық шараларды өткізу кезінде от шашуды орнатуға рұқсат алу үшін оны ұйымдастырушылар ГПС бөлімшесіне шара өткізетін болжанған күннен кемінде 10 күн бұрын жазбаша өтініш жасауға міндетті (мейрам және демалыс күндері бұл мерзімге қосылмайды).

11.2. Пиротехникалық бұйымдарды тасымалдау қауіпті жүктерді

тасымалдау тәртібіне сәйкес жүргізілуге тиіс.

11.3. Пиротехникалық бұйымдарды буып-түю бұйымның тұтастығын және оған жапсырылған маркалануды, сондай-ақ жарамдықтың кепілдік мерзімі шегінде қауіпсіздік сипаттамасын қамтамасыз етуге тиіс.

11.4. Әрбір пиротехникалық бұйымға қазақ және орыс тілінде қолдану жөніндегі нұсқаулық қоса тігіліп, мыналар мазмұндалады:

- бұйымды пайдалану және қолдану шарттары бойынша шектеу;
- қауіпсіз әзірлеу, іске жарату және сүзгілеу әдістері (қажет жағдайда);
- пиротехникалық бұйымдарды тұтанудан және өрттен қорғау жөніндегі шаралар;
- кепілдік мерзім мен дайындалған немесе жарамдылық мерзімінің күні;
- бұйым қауіпсіздігі туралы ескерту;
- өндірушінің реквизиттері;
- сертификаттау жөніндегі ақпарат пен өнім ерекшелігімен негізделген басқа да мәліметтер.

11.5. От шашуды монтаждау мен көрсетуді жүргізетін ұйым белгіленген үлгідегі сертификаты бар отандық немесе шет ел өндірісіндегі пиротехникалық бұйымдар мен материалдарды №ғана пайдалануға тиіс.

11.6. От шашуларды жүргізуге тыйым салынады:

11.6.1. сахна алаңдарында;

11.6.2. өртке қарсы қанағатсыз жағдайдағы аумақта, ғимаратта, құрылыстар мен тұрақ-жайда;

11.6.3. қауіпті және зиянды өндіріс пен объекті маңында, сондай-ақ көлік тораптарында;

11.6.4. көпірде, жол өткізгішінде, көлік жолында, темір жолды оқшаулау белдеуінде, өрт және жарылыс қаупі бар объектіде;

11.6.5. аса мәдени маңызы бар объектілер, тарих және мәдениет

ескерткіштерінде, зираттар мен діни ғимараттарда, қорықтар мен ұлттық парктерде.

11.7. Биік от шашуларды көрсететін жер 11.6.2., 11.6.3.- тармақтарында көрсетілген объектілерден кемінде 500 м және 11.6.5.- тармақта көрсетілген объектіден 100 м қашықтықта болуға тиіс.

11.8. Төменгі от шашулар мен пиротехникалық фигураларды өткізетін орыннан ғимараттар мен көрерменге дейінгі қауіпсіз қашықтық ұшқынының ең үлкен ұшу қашықтығын екі есе көбейту жолымен қолданатын бұйымның техникалық сипаттамасына байланысты анықталуға тиіс.

11.9. Пиротехникалық бұйымдар ұшырылатын алаңдарда темекі тартуға, от жағуға және оларды күзетсіз қалдыруға тыйым салынады.

11.10. От шашу орнататын орынды күзету оны жүргізетін ұйымға жүктеледі.

11.11. Ұшырылатын алаң өрт сөндірудің бастапқы құралдарымен қамтамасыз етілуі тиіс (өрт сөндіруші, құм салынған немесе су құйылған ыдыс).

11.12. От шашу аяқталғаннан кейін ұшыру алаңы пайдаланылмаған бұйымдар мен пиротехникалық зарядтар элементтерін анықтау және жинау мақсатында мұқият тексерілуі тиіс.

12. Өрт сөндірудің бастапқы құралдарының қажетті санын анықтау

12.1. Өрт сөндіру құралдарының түрлерін анықтау кезінде тұтанғыш заттардың физикалық-химиялық және өрт қаупі ерекшелігін, олардың өрт сөндіруші заттарға қатынасын, сондай-ақ өндірістік ғимараттардың, ашық алаңдар мен қондырғылардың ауданын есептеу қажет.

12.2. Көлемі кемінде 1 x 1 м асбестік мата, сыйықсыз жүнді матаның» тұтануы ауасыз болмайтын заттың жалындану кезінде шағын ошақтарды сөндіруге арналған ЖҚС пен ЖС-ны қолдану және сақтау орындарында мата көлемі ұлғайтылуы мүмкін (2 x 1,5., 2 x 2 м).

12.3. ГОСТ-12.4.009-83 сәйкес су сақтауға арналған бөшкелердің көлемі кемінде 0,2 текше м. болуы және шелекпен жабдықталуға тиіс. Құмға арналған жәшіктің көлемі 0,5, 1,0 және 3 ш.м. және ГОСТ-3620-76 сәйкес жалпақ күрекпен ж а б д ы қ т а л у ы т и і с .

12.4. Өрт стендісінің құрылғысына кіретін құмға арналған ыдыстың» сыйымдылығы кемінде 0,1 ш.м. болуға тиіс. Жәшік құрылғысы құмда ыңғайлы алуды және жауын-шашынның түспеуін қамтамасыз етуі тиіс.

12.5. Технологиялық қондырғыларды от сөндіргіштермен жабдықтау осы қондырғыға арналған техникалық шарттар талаптарына (паспорттар) немесе тиісті өрт қауіпсіздігі тәртібіне сәйкес жүргізіледі.

12.6. Шет елдік қондырғыны от сөндіргішпен жабдықтау оны жеткізуге арналған келісім шарттарға сәйкес жүргізіледі.

12.7. От сөндірушілердің үлгісі мен қажет санының есептемесін таңдауды 1 және 2 таблицада мазмұндалған мәліметтер негізінде олардың от сөндіру қабілетіне, шекті алаңына қорғалатын ғимараттағы немесе ИСО N№ 3941-77 сәйкес объектідегі жанғы заттар мен материалдар сыныбына байланысты жүргізу ұ с ы н ы л а д ы :

А сыныбы - қатты заттар өрті, негізінен органикалық тектегі, олар жанғанда иісі шығады (ағаш, мата, қағаз);

В сыныбы - тұтанғыш сұйықтардың немесе еритін қатты заттардың;

С сыныбы - газ;

Д сыныбы - металл мен оның қоспасының өрті;

Е сыныбы - электр қондырғысының жануына байланысты.

От сөндірушінің үлгісін таңдау (жылжымалы немесе қол) ықтимал өрт ошағының көлеміне байланысты. Үлкен көлемдерде жылжымалы от сөндірушілерді пайдаланады.

12.8. Пайдаланудың тиісті температуралық шегі бар от сөндіргішті таңдағанда ғимарат пен тұрақ-жайды пайдаланудың климаттық жағдайын ескеру қ а ж е т .

12.9. Егер секірмелі өрт ошағы ықтимал болса, онда от сөндірушіні таңдау кезінде басымдық қолданылу ауқымы бойынша барынша әмбебаптысына б е р і л е д і .

12.10. Әртүрлі санаттағы шекті алаңы үшін (бір немесе бірнеше от сөндірушіні толық қорғайтын ең үлкен орам) "++" немесе "+" белгісінің» алдындағы 1 және 2 таблицада көрсетілген үлгілерінің біріндегі от сөндіргіштер с а н ы н қ а р а с т ы р у қ а ж е т .

12.11. Қоғамдық ғимараттар мен тұрақ-жайларда әрбір жайларда кемінде 2 қол от сөндіргіш болуға тиіс.

12.12. Д санатындағы ғимарат егер оның ауданы 100 ш.м. аспаса от сөндіргішпен жабдықталмауы мүмкін.

12.13. Өрт қауіптілігі өрт қауіптілігінің I санатындағы шағын № ғимаратта болған жағдайда қажетті от сөндіргіш саны осы № ғимараттардың» жиынтық ауданын ескере отыра, 18-тармаққа және 1 және 2-таблицаға сәйкес анықталады.

12.14. Кәсіпорыннан қайта қуаттандыруға жіберілген от сөндіргіштер қуаттандырылған от сөндіргіштердің тиісті санымен айырбасталуы қажет.

12.15. ЭВМ, телефон станцияларын, мұражайларды, мұрағаттармен және т.б. ғимараттарды қорғау кезінде қорғалатын қондырғымен, бұйыммен, материалмен от сөндіруші заттың өзара іс-әрекет ерекшелігін ескерген жөн. Мұндай ғимаратты от сөндіруші заттың шекті жол беретін концентрациясын ескере отырып, салқын және көмірқышқыл от сөндіргішімен жабдықтау ұсынылады.

12.16. Өрт сөндірудің автоматты стационарлық қондырғысымен жабдықталған ғимарат олардың есептемелік санын ескере отыра, от сөндіргіштермен 50 процентке қамтамасыз етіледі.

12.17. Қоғамдық ғимараттар мен тұрақ-жайлар үшін ықтимал өрт ошағынан от сөндіргіш орналасқан жерге дейінгі 20 м., А, Б және В санатындағы ғимараттар үшін 30 м., Г санатындағы ғимараттар үшін 40 м., Д санатындағы ғимараттар үшін 70 м аспауға тиіс.

12.18. Өндірістік ғимараттар мен өнеркәсіп кәсіпорындары аумағында өрт сөндірудің бастапқы құралдарын орналастыру үшін мына жиындағы өрт қалқандарын орнатуға тиіс:

- көбікпен от сөндіргіш - 2,
- көмір қышқылмен от сөндіргіш - 1,
- құм салынған жәшік - 1,
- нығыз мата (березент, киіз және т.б.) - 1,
- ілмекті бақан - 3,
- сүймен - 1,
- балта - 2. ө

Өнеркәсіп кәсіпорындары аумағында бір өрт қалқаны 5000 ш.м. есептеліп қойылады.

I сайланған Алматы қалалық
Мәслихаты XXVI сессиясының»
төрайымы

I сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының хатшысы

Ғимараттарды қол от сөндіргіштермен жабдықтау жөніндегі ұсыныс
(1 таблица)

Ғимарат !Шекті !Өрт !Сый- !Сыйымдылығы л ұнтақ !Сыйым- !Сыйымдылы-
санаты !қорға-!сыны-!ымды !пен өрт сөндіргіштер !дылығы !ғы л

!латын !бы !лығы ! !2 (3л) !көмірқыш-
!алаң» ! !10 л ! !салқын !қылмен от
!ш.м. ! !көбік- ! !от !сөндіргіш-
! ! !пен ! !сөндір-!тер
! ! !және ! !гіштер !
! ! !су мен ! ! !
! ! !от сөн- !-----! !-----
! ! !діргіш- ! 2 ! 5 ! 10 ! ! 2 ! 5(8)
! ! !тер ! ! ! ! ! ! !

А.Б.В. 200 А 2++ - 2+ 1++ - - -
(тұтанғыш
газ бен
сұйық)

В 4+ - 2+ 1++ 4+ - -

С - - 2+ 1++ 4+ - -

Д - - 2+ 1++ - - -

(Е) - - 2+ 1++ - - 2++

В (тұтан-
ғыш газ бен
сұйықтан
басқасы) 400 А 2++ 4+ 2++ 1+ - - 2+

Д - - 2+ 1++ - - -

(Е) - - 2++ 1+ 2+ 4+ 2++

Г 800 В 2+ - 2++ 1+ - - -

С - 4+ 2++ 1+ - - -

Г, Д 180 А 2++ 4+ 2++ 1+ - - -

D - - 2+ 1++ - - -

(E) - 2+ 2++ 1+ 2+ 4+ 2++

Қоғамдық 800 А 4++ 8+ 4++ 2+ - - 4+

E - - 4++ 2+ 4+ 4+ 2++

Ескерту:

1. Әртүрлі сыныптағы өрттерді сөндіру үшін ұнтақпен от сөндірушілер тиісті заряды болуға тиіс: А сыныбы үшін - АВС(Е) ұнтағы; В, С және (Е) - ВС(Е) немесе АВС(Е) және Д - д сыныптары үшін.

2. "2+" белгісімен жабдықтауға ұсынылған от сөндіргіштер, "1+" белгісімен ұсыныстар және тиісті негіздеу жоқ кезде қолданылуға рұқсат етілетін от сөндіргіштер, " - " - белгісімен осы объектілерді жабдықтауға рұқсат етілмейтін от сөндіргіштер белгіленген.

Ғимараттарды қол от сөндіргіштермен жабдықтау жөніндегі
ұсыныс
(2 таблица)

Ғимарат !Шекті !Өрт !Сыйымды- !Сыйымды- !Сыйымды- !Сыйымдылығы л
санаты !қорға- !сыныбы!лығы 100л!лығы 100л!лығы 100л!көмірқышқылмен от
!латын ! !ауамен !құрама !ұнтақ пен!сөндіргіш
!алаң» ! !және !от !от !-----
! ш.м. ! !көбікпен !сөндіргіш!сөндіргіш! 25 ! 80
! ! !от !(көбік, ! ! !
! ! !сөндіргіш!ұнтақ) ! ! !

А,Б,В

(тұтан-

ғыш газ

және

сұйықтық) 500 А 1++ 1++ 1++ - 3+

В 2+ 1++ 1++ - 3+

C	-	1+	1++	-	3+
D	-	-	1++	-	-
(E)	-	-	1+	2+	1++

В (тұтан-
ғыш газ
бен
сұйықтан
басқасы) 800

A	1++	1++	1++	4+	2+
B	2+	1++	1++	-	3+
C	-	1+	1++	-	3+
D	-	-	1+	1++	1+

Ескерту:

1. Әртүрлі сыныптағы өрттерді сөндіру үшін ұнтақпен от сөндірушілер тиісті заряды болуға тиіс: А сыныбы үшін - ABC(E) ұнтағы; В, С және (Е) - BC(E) немесе ABC(E) және Д - д сыныптары үшін.

2. "2+" белгісімен жабдықтауға ұсынылған от сөндіргіштер, "++" - белгісімен ұсыныстар және тиісті негіздеу жоқ кезде қолданылуға рұқсат етілетін от сөндіргіштер, " - " - белгісімен осы объектілерді жабдықтауға рұқсат етілмейтін от сөндіргіштер белгіленген.

МАЗМҰНЫ

№ 1 қосымша

1. Негізгі ережелер.....
2. Объектілер аумағын күтіп-ұстау.....
3. Ғимараттар мен тұрақ-жайларды күтіп-ұстау.....
4. Тұрғын үй пайдалану ұйымдары мен ПИК-терге талаптар.....
5. Көшіру жолдарына талаптар.....
6. Автомобиль көлігін сақтау орындарына талаптар.....
7. Электр қондырғыларының өрт қауіпсіздігіне талаптар.....

8. Жылыту, желдету және басқа инженерлік қондырғылар жүйелерінің» өрт қауіпсіздігіне талаптар.....
 9. Құрылыс-монтаж, қалпына келтіру және от жұмыстарына талаптар..
 10. Автоматты өрттен қорғау (АӨҚ) қондырғыларын күту тәртібі.....
 - 10.1. Жалпы талаптар.....
 - 10.2. Автоматты өрт дабылдарының қондырғылары.....
 - 10.3. Автоматты өрт сөндіру қондырғылары.....
 - 10.4. Өртке қарсы сумен жабдықтау.....
 - 10.5. Түтіннен қорғану жүйесі.....
 11. От шашуларды ұйымдастыру және орнату.....
- ө Өрт сөндірудің бастапқы құралдарының қажетті санын анықтау....